

Т. Қартаева* , С. Ашимова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kartaeva07@mail.ru

КЕЙБІР АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ СИМВОЛДАР МЕН АТРИБУТТАРҒА ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Этнология ғылымының дамуымен бірге зерттеу әдістемесінде «интерпретациялау», мәдени сараптама жасау маңызды болып отыр. Ғылыми бағыттарды пәнаралық байланыста зерттеуге деген сұраныстар жаңа көзқарастар мен тың серпілістер тудырды. Алтын Орда дәуірінде гүлденген ортағасырлық Сарайшық және Қышқала қалалары, ортағасырлық Көктам қаласы орнынан табылған және Алаша хан кесенесінде қашалған бөрінің ізі түскен бөрінің ізі түскен «тұмар кірпіштің» тотемдік, культтік маңызын анықтау маңызды. Бөрі ізі түскен қабырға кірпіші Ортағасырлық Көктам қалашығы орнынан табылған. Алаша хан, Болған Ана кесенелері кірпіштері мен қабырға өрнектерінің, Алтын Ордалық Қышқала қаласынан табылған кірпіш, ыдыстарға түскен өрнектер қазіргі таңда да қолөнер бұйымдарында кеңінен қолданылады. Болған Ана кесенесі, Қышқала медресесі терракота кірпішінде қауызы ашылған қызғалдақгүл өрнегі шекілген. Алаша хан кесенесі қабырға кірпішіндегі шаршы, құстандай, алабас, құсқанат, ашамай өрнектері қазақ кілемдерінде көп кездеседі. Сарайшық қаласынан табылған монеталардағы арыстан, барыс сияқты жыртқыш аңдардың шекілуі, олардың билік атрибуты болғандығының белгісі. Сарайшық монеталарындағы ай, жұлдыз, күн бейнелерінің шекілуінің мән-мағынасын анықтай отырып, байырғы халықтық білімдердің түп-тамырлары, қайнар көздеріне мән берілді. Ортағасырлар кезеңінің ескерткіштеріндегі белгілердің мәні ислам мәдениеті мен исламға дейінгі реликтермен астасып жатыр.

Түйін сөздер: Алтын Орда, сәулет өнері ескерткіштері, қышқала өрнектері, Сарайшық ескерткіштері, этноархеология.

T. Kartaeva*, S. Ashimova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kartaeva07@mail.ru

Ethnographic interpretation of symbols and attributes in some archaeological sites

With the development of ethnological science, it is important to «interpret» and conduct cultural analyses in research methods. The application of an interdisciplinary scientific approach has provided new perspectives and breakthroughs. It is important to establish the totemic, cult meaning of «bricks–talismans», that is, burnt bricks with the foot imprint of a wolf (bori) found in the medieval city of Saraishyk, which flourished in the era of the Golden Horde, and from the brick walls of the Mausoleum of Alasha khan. Also, a wall brick with the stamp of a wolf paws was found at the site of the medieval settlement of Koktam. Bricks and wall ornaments of the mausoleums of Alasha khan, Bolgan Ana and in the Golden Horde city of Kyshkala, were recently found together with patterns on vessels widely used in handicrafts. The terracotta brick mausoleum of Bolgan and Kyshkala madrasah are also decorated with a tulip pattern. Ornaments in the wall brick mausoleum of Alasha khan known as kustandai, alabas, kuskanat, ashamai are often found on Kazakh carpets. The depiction of predators such as lions and leopards on coins found in Saraichik is a sign that they were an attribute of power. Determining the significance of minting images of the moon, stars, sun on Saraishyk coins, imply a careful study of the origins and roots of folk knowledge. The meaning of signs on the medieval monuments is associated with Islamic culture and pre-Islamic relics.

Key words: Golden Horde, architectural monuments, Kyshkala patterns, monuments of Saraishyk, ethnoarcheology.

Т. Қартаева*, С. Ашимова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: kartaeva07@mail.ru

Этнографическая интерпретация символов и атрибутов в некоторых археологических памятниках

С развитием этнологической науки важно «интерпретировать» и проводить культурологический анализ в методах исследования. Востребованность изучения научных направлений в междисциплинарном характере вызвало новые перспективы и прорывы. Важно установить тотемное, культовое значение «кирпичей-талисманов», то есть жженые кирпичи со следом волка (бөрі) найденных в средневековом городе Сарайшык и Кышкала цветущем в эпоху Золотой Орды, в средневековом городе Коктам и из кладка кирпичей на стен Мавзолей Алаша хана. Также настенный кирпич со следом волка был обнаружен на месте средневекового городища Коктам. Кирпичи мавзолеев Алаша хана, Болған Ана и орнаменты стен, кирпичи, найденные в золотоордынском городе Кышкала, в настоящее время узоры на сосудах широко используются в ремесленных изделиях. Терракотовом настенном кирпиче Мавзолей Болған Ана, медресе Кышкала украшен узором тюльпан. Орнаменты настенного кирпиче мавзолеев Алаша хана кус-тандай, алабас, кусканат, ашамай часто встречаются на казахских коврах. На монетах, найденных в Сарайшыке, изображены хищные звери, такие как лев, леопард, и символизирует что они стали атрибутом власти. Определяя значение чеканки изображений луны, звезды, солнца на сарай-чикских монетах, придавалось значение истокам и корням народной знании. Значение знаков на средневековых памятниках ассоциируется с исламской культурой и доисламскими реликвиями.

Ключевые слова. Золотая Орда, памятники архитектуры, узоры Кышкала, памятники Сарайшык, этноархеология.

Кіріспе

Археологиялық ескерткіштердің этнографиялық реконструкциясы сол кезең мәдениетін қалыптастырған тайпалардың танымын байырғы тайпалардың мәдени өмірімен және өздері қалыптастырған мәдениеттің кейінгі ғасырлар сатысынан өтуін, қазіргі материалдық емес мәдениет мұраларымен шендестіре зерттегенде туындайды. Ежелгі дәуірдің археоэтнографиялық мұраларындағы символдар мен атрибуттардың негізгі дені исламға дейінгі реликтер жүйесімен тығыз байланысты. Қазақ жерін мекен еткен ежелгі тұрғындардың дүниетанымдық көзқарастарының белгісі, жалғасы ортағасырлар ескерткіштерінен көрініс табады.

Материалдар мен әдістер

Ежелгі дәуірлер археологиялық ескерткіштеріне этнографиялық интерпретация жасау үшін заттай дерек ретінде тақырыпты ашатын музей материалдары мен археологиялық қазба материалдары негізге алынды. Зерттеу этноархеология бағытын, сондай-ақ артефактілерді материалдық емес мәдениет тұрғысынан қарастыруды қамтиды. Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі, Сарайшық, Кышкала және Көктам қалаларынан табылған бөрінің ізі түскен кірпіш этнографиялық далалық экспедиция барысында зерттеріп, «тұмар-кірпіш» деп танылды. Алаша

хан, Болған ана кесенелері, Кышкала медресесі кірпіштеріндегі ою-өрнектердің қазақ колөнері бұйымдарында кездесетін ою-өрнектермен ортақтығына салыстырмалы сараптау жасалды.

Нәтижелер мен талдаулар

Бөрі ізді тұмар-кірпіш

Ерте түркілердің «бөрінің» ұрпағымыз деп санауының бір айғағы Ұлытаудағы Алаша хан кесенесінің мінбер қақпасының үстінгі қатарына қасқырдың ізі түскен кірпіштің қалануынан көрінеді (1-сурет).

Осындай қасқыр ізі түскен тұмар-кірпіш Алтын Ордалық Сарайшықтан, Ортағасырлық Көктам қаласынан табылған. Қасқыр ізді кірпіш қала тұмары ретінде қызмет еткен. Тұмар кірпіш қалау үшін жанбырдан соң анық көрінген қасқыр ізін тандайды. Ол, үшін ертеде жанбырдан соң қасқыр ізі түскен жерді кеуіп кетпей тұрып, ойып алып, қата бастағанда кірпіш формасында өңдеген. Жан жағын қырлап түргілеп, пешке күйдіріп кірпіш жасап, кесене, қала құрылысына қосып өріп жіберген (2-сурет). Тағы бір болжам, кірпіш қатпай тұрып, қақпанға түсіп, аяғын тісімен қиып тастап кеткен қасқыр табынын немесе аңшылық олжасы болған қасқыр табанын «қалып-таңба» ретінде басып, қолдан тұмар кірпіш жасауы мүмкін. Сондай-ақ, кірпіш құйған соң кеппей тұрып ит, ешкі басып кетсе де өңдемей жан-жануар ізімен бірге күйдірген (Қартай, 2021: 15-16, 62-63).



1-сурет – Алаша хан кесенесі мінберіне шығар есіктің жоғары тұсына қалаған кірпіштегі қасқырдың ізі.



а



ә



б



в

2-сурет – а) Ортағасырлық Көктам қаласы қабырғасына қаланған қасқыр ізі қалған кірпіштердің бірі. Темір ауданы тарихи-өлкетану музейі; ә) Ортағасырлық Сарайшық қаласы қабырғасына қаланған қасқыр ізі қалған кірпіштердің бірі. Археолог З.Самашев қазбасы. Атырау тарихи-өлкетану музейі; б) Ортағасырлық Қышқала қаласы 8 қырлы кесене қабырғасына қасқыр ізі қалған кірпіштердің бірі. Археолог М. Елеуов қазбасы.; в) ғұрыптық мақсатқа немесе “ қалып-таңба” ретінде қолданған қасқырдың табаны

Бөрі ізді тұмар-кірпіштің архисемасы және түркілік рәміз

Ортағасырларға саятын бөрі ізді тұмар-кірпіштің мәнін анықтау мақсаты Алтын Ордаға дейінгі кезеңге алып барады. Түркі халықтары және қазақ халқының исламға дейінгі тотемдік танымында бөрі мен түрлі жыртқыш аңдар ерекше маңызға ие. Бөрі түркі халықтарының барлығында дерлік символдық мәні бар жыртқыш аң. Түркі халықтарының барлығы дерлік өздерін Көкбөрінің ұрпағымыз деп санайды. Ежелгі түркілер қолданған «Бөрі» эфемистік атауы мен бөрі культі ерте кезеңнен бүгінгі күнге дейін мәнін жоймаған. Қазақ халқының қасқырға қатысты білімдер мен дағдылар жүйесі, олардың ежелден табиғаттың, жан-жануарлардың сырын білуімен байланысты.

Ежелгі түркілердің бөрінің басы ілінген байрағының қайта қалпына келтірілген нұсқасын реставратор Қырым Алтынбеков, ал сызбалық нұсқасын ресейлік мәдениеттанушы, суретші Михаил Горелик жасаған. Музейлік номері КП 20447/1-3 (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 487; 3-4-сурет). М.Горелик пен Қ.Алтынбеков бөрілі байрақ реконструкциясын жасауға 1939 жылы Эрмитажға Остяк-Вогуль қаласы музейінен келіп түскен күміске алтын жалатып жасаған қасқыр басының мүсіндік құймасын негіз етіп алған. Ғалымдар, өнертанушылар, музейтанушылар бұл артефактіні байырғы түркілердің туы ретінде қызмет еткен «байрақ басы» деп таныған (Тревер, 1940: 17-19). Алтын жалатылуына орай ғалымдар түркілердің байрақ басы алтыннан болды деп таниды (Худяков, 2007: 2).



3-сурет – Ежелгі түркі байрағы реконструкциясы. Суретші М. Горелик. ҚРМОН қоры. КП 20447/1-3

Туркия, Анкара қаласындағы Этнография музейінде сақталған байрақ басында екі бөрі басының бір-біріне қарама қарсы бейнеленуі

Көкбөріге табыну түркі халықтарына ортақ таным екенін дәлелдейді. Азулы екі бөрінің тілдерінің ұштасып бейнеленуі бірлік пен татулықты символ ету, ал азуды айқара ашу, жауға қарсы айбат шегу, жаудың мысын басу. «Алла» жазуы бар түбі доғалданып келген құсмұрынды байрақ бөлігінің бөрі басы қоршауы ішіне бекітілуі исламға дейінгі тотемдік реликтің исламдық сеніммен астасып кетуінің дәлелі. Бұл ескерткіш бөрілі байрақтың ерте түркілік кезеңде ғана, ортағасырларда да қолданыста болғанын дәлелдейді. Алтын Орда кезеңіндегі бөрі культінің, бөрі тотемінің түп-тамыры, архисемасы ерте кезеңде жатыр.



4-сурет – Бөрілі байрақ. Қ.Алтынбеков реконструкциясы.

Қасқырдың киелі, қасиетті хайуан саналуы немесе байырғы тайпалардың маңызды орын алғаны жартастардағы бейнелерден көрініс табады. Таңбалы, Құлжабасы, Сауысқандық, Аққайнар жартастарда кездесетін «қасқыр адам» бейнелері қасқырдың тотемдік, магиялық ролімен қатар, адам мен қасқыр арасындағы тылсым байланысты, аңыздық тұрғыда генетикалық байланысты білдіреді.

Екі басты бөрі немесе екі бөрі басының бір бұйымда бейнеленуі сақ-скиф мәдениетінде көп кездеседі және бұл мәдениет бірнеше ғасырлар бойына жалғасқан (Сатина, 2013: 64-65). «Аң стилі» өнерінде қасқыр жеке де, топтық композицияда да жиі кездесетін бейне. Археологиялық қазбалардан табылған бөрі басты қанжар, пышақ, қылыш, қамшы саптары қасқыр бейнесі семантикасын ашуға негіз болатын заттай деректер. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейдің археологиялық коллекциясында VI-VII ғасырға, яғни ерте түркілік кезеңге саятын қасқырдың басы түріндегі қамшы ұштамасы сақталған. Қамшының билік атрибуты ретіндегі

маңыздылығын негізге алсақ, бөрілі қамшының билеуші тұлғаға тиесілі болуы мүмкін (5-сурет).



5-сурет – Бөрі басты ұштама. ҚРМOM

Археологиялық қазбалардан табылған ерте темір дәуірі, ерте түркілік кезеңге саятын «аң стиліндегі» ат әбзелдердегі қасқыр бейнелі тоғалары да байырғы тайпалардың діни наным-

дарымен, байырғы «бөрі тотемімен» байланысты, әрі қасқырдың символдық бейнесін айғақтай түседі.

Қастек Ортағасырлық қаласынан табылған қыш ыдыс сынығындағы қасқыр бейнесінің көзі түнде жанады. Қасқыр мүсініне шырақ қою немесе шырақтан ретінде көрсету, көзін жанатын етіп бейнелеу бұл қасқырдың түнде жортуымен байланысты (6-сурет). Қастектен табылған ыдыстағы қасқыр бейнесі мен ҚРМOM, «Ашық қор»-да сақталған Жалаулы алтын кенішінен табылған кездейсоқ олжа «инелі тілік» деп аталған әшекей бейнесі бір-біріне пішімі тұрғысынан ұқсас. Музейлік номері: КП 22038/51. Ұзындығы – 18.5, ені – 14.6 см, биіктігі 0.5x0.3. Салмағы – 102,61. (ҚРМOM археологиялық коллекциясы, 2011: 53; 6ә-сурет). Бұл «инелі тілік» – бөрі басты алтын әшекей (бас киім, кеуде немесе шалбардың алдына тігілген киім әшекейі) болуы да мүмкін.



а



ә

6-сурет – а) Ортағасырлық Қастек қаласынан табылған ішкі жағына көзі жанатын қасқыр бейнесі салынған қыш ыдыс сынығы. Археолог А.Нұржанов қазбасы.

(Автордың Қастек сапары – 2019); ә) Инелі тілік. Б.э.д. 8-7 ғасыр.

ҚРМOM коллекциясы. (ҚРМOM археологиялық коллекциясы, 2011: 53)

Кердері кесенесі олжасы және бөрі басты алтын сырға

Шартты түрде «Арал-Асар қалажұрты» деп аталған Арал теңізінің кепкен табаны мекеніндегі Кердері кесенесіне жүргізілген археологиялық қазба кезінде табылған алтын сырға ортасы қуыс алтын түтікшеден иіп жасалып, бір ұшы бөрінің басы бейнесімен тұйықталған, ал екінші ұшы алтын сыммен жиектеле бұралып, нефрит асыл тастан жасалған моншақ ілінген (7-сурет). Кердері кесенесі XIV ғасыр, Алтын Орда кезеңіне саяды деп мерзімделіп, осыған

орай «аң стиліндегі» бөрі басты сырға да XIV ғасыр деп құжатталып, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде экспозицияланған [5]. Бұл бөрі басты алтын сырға «аң стилі» өнерінің нәтижесі немесе ортағасырлық өнердегі жалғасы. Алтын Ордалық сырғаға салынған ақық асыл тасының қасиетіне деген сенім ерте кезден жалғасқан. Ақық тас ежелден адамды сұқ көзден қорғап, жанына жылу беріп тұрған. Асыл тастарды орнату «*асыл тас көз іспетті, бәрін көріп, бағып тұрған сиқырлы күш*», – деген халықтың түсінігімен байланысты. Қазақ

тұрмысында тастарға деген оң көзқарас бүгінге дейін сақталып отыр.



7-сурет – Бөрі басты Алтын Ордалық алтын сырға. Кердері кесенесі. XIV ғасыр. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Алаша хан кесенесі және ортағасыр қалалық мәдениетіндегі ою-өрнек

Ұлы Дала өркениетінің туындысына айналған ою-өрнектер қазақ халқының дүние-

танымнан, ұшқыр қиялынан туындаған. Алаша хан кесенесі қабырғасына кірпіштен өрілген геометриялық өрнектер қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінде тоқыма бұйымдарда, соның ішінде шаршы, алабас өрнектері қазақ кілемдерінің негізгі өрнектерінің бірі. Алабас түксіз тоқылған арабы кілемдерде кездесетін өрнек (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017., 4 том, 654 – 693). Алабас өрнегін жергілікті жерде «құстандай» деп те атайды. Ал күмбездің хас бетіндегі арканың екі жақ босағанысындағы бағанда ұшқан құстың қанатын білдіретін «құсқанаты» өрнегі ойып түсірілген. Құсқанаты қазақтың «Х» түрінде тоқылатын ашамай өрнегіне де ұқсас келеді. Бұл өрнектердің барлығы қазіргі күнге дейін кілем, қоржын сияқты тоқыма бұйымдарына еш өзгеріссіз салынып келеді.



а



б

8-сурет – Алаша хан мазарындағы шаршы, алабас, құс қанаты өрнектерінің фрагменті

Алаша хан кесенесінің хас бетінде күмбезді арканың екі жақ бетіне терракота кірпіш өрілген. Кесененің терракота кірпішіндегі өрнек шығыстық стильмен оймышталған. Терракота бедері бір – бірімен жалғастырыла, киюластыра ойылған, мұны «бітпес» өрнегінің геометриялық стилі десек болады, «бітпес» өрнегі адамның қарбалас өмірінен, яғни өмір жолынан мәлімет береді. Терракота кірпіштердің негізгі дені осы «бітпес» жол өрнегінен тұрғанымен әр

ескерткіштің ерекшелігін білдіретін меншікті өрнегі болады. Алаша хан кесенесінде терракотаның ортасында жұлдызша ішіне «гүл» бейнесіндегі «күн» өрнек салынса, Айша бибі кесенесі терракотасы «із», «жол» символдарынан құралған. Алаша хан кесенесі терракотасының қақ ортасындағы символды «күн» деп тану себебіміз, қазақ құлпытастарында осындай гүл түріндегі «күн» өрнек «қабірін нұрландырсын» деген таныммен қашалған.



9-сурет – Алаша хан мазарының хас бетіндегі терракота кірпіш



а



ә

10-сурет – а) Алаша хан кесенесінің терракота кірпіші;
ә) Айша бибі кесенесінің терракота кірпіші. ҚРҰҒА. Археология музейі



а



ә



б

11-сурет – Қышқала кірпішінің фрагменттері:
а, ә) қызғалдақгүл өрнегі; б) тұлғамүйіз өрнегі

Алтын Ордалық Қышқала қаласы медресесінің терракота кірпішіндегі композициялы өрнектер қазақ этнографтарының назарын өзіне аудармай қоймайды.

Қышқала мозайкасындағы күн шапағы шаршысын қоршай ойылған қызғалдақ өрнегінде өркендеу идеясы жатыр. Гүлдердің сабағы, жапырағымен бірге салынуы, мәңгі тіршілікті,

өмірдің жалғасын, ұрпақ жалғастығын меңзеген. *Нәбәтат, көгеріс* өрнегі тобына жататын «*қызғалдақ гүл*» бейнесін салу қазақ қолөнерінде жиі қолданылады (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 4 том, 144). Терракотадағы қызғалдақ гүл қауызының күн бейнесімен астаса берілуі, күн шұғыласынан нәр алған тіршілікті бейнелегендей. Терракоталық қызғалдақгүл өрнегі орта ортағасырлық қала мәдениетіндегі бір шоғыры Қойлық қаласы кірпішінде кездеседі.

Қойлықтың қызғалдақты терракотасы аса жоғары шеберлікпен, сәнді оймышталған. Қауызын ашқан қызғалдақ бейнесінің «бітпес» желісіне құрылып, бір-біріне ширатыла жалғасып кетуі, әлемдегі шексіз қозғалысты, мәңгілік өмірдегі өзара байланыстылықты баяндаған (Байпаков, Воякин, 2007).

Қызғалдақгүл терракотасының озық үлгісінің бірі Ұлытаудағы Алтын Ордалық Болған Ана кесенесінің қыш кірпіші болып саналады (13-сурет).



12-сурет – Ортағасырлық Қойлық қаласы терракота кірпішіндегі қызғалдақгүл өрнектері және фрагменттері



13-сурет – Алтын Ордалық Болған Ана кесенесі терракотасы, фрагменттерімен. XII-XIII ғғ. Ұлытау. ҚРМОН. Археология залы


Қышқала мозайкасындағы екі басы қызғалдақ гүлмен тұйықталған өрнектің мәні ерекше. Мұндағы қызғалдақтардың бір басы жерге, бір басы көкке тартылып, екі қауыздың сабағы арқылы жалғасуы, бір адамның өмір жолы секілді.

Қызғалдақтың екі қауызының сабақ арқылы жалғасып, тұтас бір композицияны құрауы

қазақ құлпытастарында да кездеседі. Сондай-ақ, қызғалдақгүл өрнегін, қызғалдақты гүл қауызы өрнектерін Сарайшықтан табылған Алтын Ордалық монеталар жиынтығында да жиі кездестіруге болады (Самашев, т.б., 2006)

Ерте темір дәуірінің, сақтардың қаласы Шірік Рабаттан табылған қызғалдақ гүл алтын бойтұмары қызғалдақ өрнегінің архисемасы ежелгі дәуірде жатқандығының дәлелі (Құрманқұлов, т.б., 2017: 282; 15-сурет).

Қышқала терракотасының шаршы қолтықшаларына ойып салынған тұлғамүйіз оюы қолөнер бұйымдарында бүгінгі күні де өте кең қолданыста. Тұлғамүйіз қошқармүйіз оюының адам тұлғасына (антроморфты) ұқсайтын бейнелі түрі. Ғалымдардың бір тобы қошқармүйіз оюын қошқар, қой бейнелерінің зооморфтың оюға айналған бейнесі десе, бір тобы адам бейнесін салудан қалыптасқан дейді. Ортағасырлық Отырар қаласынан табылған қоладан құйылған шырағдан түбіндегі қошқармүйіз оюы қола дәуіріндегі петроглифтердегі адам бейнесі мен сақтардың алтын құймасындағы адам бейнесіне ұқсайды (Археология Казахстана, 2006: 218).



14-сурет – Алтын Ордалық Қышқала мозайкасындағы қос қызғалдықгүл өрнегі.
М.Елеуов қазбасы



15-сурет – Қызғалдақгүл алтын бойтұмар. Шірік-Рабат. Ж.Құрманқұлов қазбасы



а



ә

16-сурет – а) адам бейнелі (антроморфты) қапсырма.Шірік-Рабат алтыны. ҚРМОН. «Ашық қор»; ә) тұлғамүйіз салынған қола құйылған шырағдан тұғыры. Ортағасырлық Отырар қаласы. 11-12 ғғ. (Археология Казахстана, 2006: 218)

Қышқаланың қыш бұйымдарының сынығының бірінде тығыз етіп салынған жұлдызшалар, аспандағы жұлдыз шоғырындай. Қолөнер бұйымдарына жұлдыздың сегіз, алты бұрышты түрі көбірек кездеседі. Қышқала ыдысындағы жұлдыз төрт қырлы. Осындай төртқырлы жұлдыздың дәлме-дәл бейнесі Абылай хан, Барақ хан, Шығай сұлтанның билік мөрінде кездеседі (Ерофеева, 2001; Сурет 17). Төрт қырлы жұлдызшалардың құлпытастарда шекілуі жиі ұшырасады.

Қышқала керамикасындағы ирексу өрнегі қазақ қолөнерінде негізінен бұйымның жиегіне салынады. Ирексу өрнегі судың толқынын береді, әрі ортағасырлық бұйымдар өрнегінің ажырамас бөлігі (Елеуов, 2018; Сурет 18).

Қышқала қаласының кесене аркасының эмалды бояу қыштарына түскен ою өрнектердің сақталған бөліктерінен қанатты қошқар мүйіз өрнегін аңғару қиын емес. Жұлдыз кілем, қоржын, басқұр сияқты қолөнер бұйымдарында кездеседі (Елеуов, 2018; Сурет 19). Қанатты қошқармүйіз (қошқармүйіздің қанатын кеңге жайып созып салынуы) оюы қазақ халқының ұғымында барлық өрнектің түп-атасы және молшылықтың, байлықтың белгісі. Қанатты қошқармүйіз өсіп-өнудің, ұрпақ жалғастырудың нышаны ретінде үлкен магиялық ғұрыптық мәнге ие. Тепе-теңдікті де білдіреді, себебі қошқардың жаратылысынан екі мүйізі тең. Қазақ жеріндегі байырғы тұрғындар бұл оюды табиғаттан алғаны анық. Қошқармүйіз оюының

қанатын кеңге жайып салуы биікке самғаудың, еркіндіктің символы және көне дәуірлерден еш өзгеріссіз жеткен. Ортағасырлық терракота кірпіштерде көп кездесетін өрнектің бірі

төрткүл, бескүл өрнектері. Өрнектің атты шартты түрде осылай аталып, ұштары үшкіл қырлы емес, гүл жапырағы секілді доғалданып бітеді.



17-сурет – а) Қышқала керамикасындағы жұлдыз және ирексу өрнегі; б) Абылай ханның (1771 – 1780) мөрі; в) Барақ ханның (1749 – 1750) мәжіегіне, рі; г) Шығай сұлтанның (1812 – 1824) мөрі; г) мөр қорғанының графикасы



18-сурет – Ортағасырлық қыш құбырадағы ирексу өрнегі. ҚРҰҒА. Археология музейі



19-сурет – Қышқала мозайкасындағы қанатты қошқармүйіз оюы. М.Елеуов қазбасы

Күйіккескен олжасы және мөр

Ортағасырлық Күйіккескен қаласынан табылған бірегей олжаның бірі – қатты күйдірілген қыш мөр. Рәміздер тарихында мөрлердің алатын орны ерекше. Қызылорда облысы тарихи өлкетану музейі бұл олжаны «жүзік» деп құжаттап, музейлік этикеткасын да осылай рәсімдеген. Негізінен мөр қолға ұстауға ыңғайлы тұғырмен жасалған. Мөр бетіндегі төрт жапырақ төрт тарапқа ашықтықты, яғни сыртқы қарым-қатынастарға, мемлекет аралық келісімдерге келуге ашықтықты білдіреді (Сурет 20).



20-сурет – Мөр. Ортағасырлық Күйіккескен қалашығы. Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейі

Алтын Орда монетасындағы тотемдік және исламдық символдар

Сарайшық қаласынан табылған монеталардағы арыстан, барыс, балық, құс бейнелерінің салынуы исламға дейінгі реликтердің, тотемдік реликтердің ислам кірігіп, астасып, күнделікті өмірден көрініс тапқандығын көреміз. Бұл жыртқыш аңдар монета бетінде аспан денелері, күн, ай, жұлдызбен бірге салынуының өзіндік ғұрыптық мәні бар. Сарайшық монеталарында

арыстан, барыс сияқты жыртқыш аңдардың басының қайырылып немесе алысқа қарағандай мойнын созып салуы олардың көкке ұмтылуын, алып күш иесінің, табиғаттағы билеуші күш екендігінің, яғни билік атрибуты болғандығының белгісі (Самашев, т.б., 2006; Сурет 21). Сондай-ақ арыстың аспан денесімен бірге салынуы Маңғыстаудағы ортағасырлық кесене қабырғаларында кездесуі, ортағасырлық мәдениеттегі ортақ танымды дәлелдейді



21-сурет – Сарайшық монеталарындағы тотемдік символдар. З.Самашев қазбасы



а

ә



б

22-сурет – Ортағасырлық Масат Ата қорымы: а, ә) кошқартастар; б)қойтастар. Маңғыстау

Қойтастар мен қошқартастар

Ерте және ортаортағасырларға саятын, қазақ жерінің батыс өңіріндегі діни-культтік кешендер, жерлеу орындары, қорымдарда қойтастар жиі кездеседі. Қазақ жерінде қабір үстіне қойылған қойтас, қошқартастардың этимологиясы қой, қошқардың тастан жасалған мүсіні мен пошымының қой мүсініне ұқсас болуымен байланысты. Қойтас, қошқартастардың айрықша үлгілері Арал-Каспий аралығында кеңінен таралған. Ескерткіштанушы мамандардың анықтауынша бұл ескерткіштердің әсіресе кең қанат жайған уақыты XIII – XIV ғасырлардағы Бозашыдағы «салор кезеңіне» саяды. Салор кезеңі деп XIII – XIV ғасырларда оғыз-түрікмен тайпаларының елеулі қоныс аударуларын айтады, ол «салор жосқыны» деген атпен де белгілі (Әжіғали, 2006: 7).

Қабіртас ретінде тұрғызылған қойтас, қошқартастар қазақ халқының сәндік қолданбалы өнеріндегі тас қашау өнерінің бірегей үлгілері (Сурет 22). Қазақ жерінің батысында қошқартастарға қарағанда қойтастардың бейнесі басым. Жергілікті жерде қошқартастарды *арқартастар* деп

те атайды, бұл әрине кей қошқардың мүйізінің бұралып, арқар мүйізіне ұқсап тұруымен байланысты, әрі мүйізді жануарлар арасында арқар, таутеке культтері ертеде кең тараған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда орта ғасырларға мұраларынан көрініс табатын тотемдік белгілер исламға дейінгі реликтермен, тотемизм дінімен байланысты, әрі бұл тотемдік сарқыншақтар ислам дінінің қағидаттарына сіңіп, кірігіп кеткен. Ескерткіштердегі символдар мен атрибуттар тарихтың сөзсіз тілі, байырғы тайпалардың айтар ойы, дүниетанымы. Ортағасырлық тайпалар өз ескерткіштеріне салған символдар мен атрибуттарғы арғы түркілерден мұрат етіп, кейінгі ұрпаққа аманат еткен.

Мақала «AP09261323 – Орталық Азия көшпелілерінің этникалық мәдениетіндегі символдар мен атрибуттардың қасиеттілігі» атты іргелі жоба негізінде жазылды.

Әдебиеттер

- Археология Казахстана (2006). Алматы: Өнер.
- Әжіғали С.Е. (2006). Крател елінің асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. Алматы: TimasPrinthouse.
- Байпаков К.М., Воякин Д.А. (2007). Средневековый город Каялык: на русском, на казахском и английском языках. Алматы.
- Байпаков К., Воякин Д., Долгушев А., Құдабаев Ш., Сорокин Д. (2009). Арал-Асар мекенжұрты мен Кердері 2 кесенесіндегі далалық зерттеулер. /http://archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=82:-----2--2009-&catid=19:-----2&Itemid=25&lang=kz (Қаралған күн: 01.10.2021.)
- Елеуов М. (2018). Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қызметі тақырыбы бойынша 2018 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп. Ғылыми жетекшісі М.Елеуов. 2018.
- Ерофеева И.В. (2001). Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы: ИД «Арқаим».
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (2017). ҚРМОНМ энциклопедиясы. 5 томдық. Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Адам Даму Интеграция.
- Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми каталог. Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы, ҚР Мемлекеттік Орталық Музейі, 2009. 430 б.
- Қартай Т. (2021). Бөрітаным. Экспедициялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 104 б.
- Қожа Ахмет Йассауи кесенесі. (2011) /Құраст. Ә.К.Муминов, М.Б. Қожа, С.Моллақанағатұлы, М.Ж.Садықбеков, Ж.М.Нұрбеков. Өңделіп толықтырылған 3-басылым. Алматы: «Эффект», 2011. 208 б.
- Құрманқұлов Ж., Утубаев Ж., Сүйіндікова М., Қасенова Ә. (2017). Шірік 4 кешеніне жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері (2017 жылғы қазба негізінде). Марғұлан оқулары. Алматы. 274-286 бб.
- Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. (2006). Сарайшық тиындары. Алматы.
- Сатина Е.К. (2013). Образ волка в декоре вещей (памятники «звериного стиля»). История. Вестник КемГУ. №3 (55). Т.4. С.61- 67.
- Тревер К. (1940). Серебряное навершие сасанидского штандарта. Сообщения Государственного Эрмитажа. Ленинград.
- Худяков Ю. (2007). Золотая волчья голова на боевых знаменах. Оружие и войны древних тюрок в степях Евразии. Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение.

References

- Arheologiya Kazahstana (2006). [Archeology of Kazakhstan]. Almaty: Oner.
- Azhigali S.E. (2006). Kratel elinin asyl murasy: kospendi Aral-Kaspii onirinin tarihy men madenieti turaly. [Heritage Country of Kratel: history and culture Aral-Caspian]. Almaty: TimasPrinthouse.
- Baipakov K.M., Voiyakin D.A. (2007). Srednevekovyi gorod Kaualyk: na russkom, na kazahskom i anglijskom jazykah. [Medieval city of Kayalyk]7 Almaty.
- Baipakov K., Voiyakin D., Dolgushev A., Kudabaev Sh., Sorokin D. (2009). Aral-Asar mekenzhurty men Kerderi 2 kesenesindegi dalalyk zertteuler. [Field research at the mausoleum of Aral-Asar and Kerderi 2.] /http://archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=82:-----2--2009-&catid=19:-----2&Itemid=25&lang=kz (Date: 01.10.2021.)
- Eleuov M. (2018). Kyzylorda oblysy Syrdariya audanyndagy Kyshkala kalashygyna arheologijalyk zertteu zhumystaryn zhyrgizu kyzmeti takyryby bojnsha 2018 zhyly atkarylghan rylymi-zertteu zhumystary zhajly esep.[Report on the research work carried out in 2018 on the topic of archaeological research in the city of Kyshkala, Syrdarya district, Kyzylorda region]. Gylymi zhetekshisi M.Eleuov.
- Erofeeva I.V. (2001). Simvoly kazahskoj gosudarstvennosti (pozndnee srednevekov'e i novoe vremja). [Symbols of Kazakh statehood (late Middle Ages and modern times)]. Almaty: ID «Arkaim».
- Kazaktyn etnografijalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi (2017). KRMOM enciklopedijasy. 5 tom-dyk. Gylymi redaktor Nursan Alimbai. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Almaty: Adam Damu Integracija.
- Kazakstannyn ezhelgi koshpeliler madenieti: arheologijalyk kollekcija. Gylymi katalog. [Ancient nomadic culture of Kazakhstan: archeological collection. Scientific catalog]. Gylymi redaktor Nursan Alimbai. Almaty, KR Memlekettik Ortalyk Muzeui, 2009. 430 b.
- Kartai T. (2021). Boritanym. Jekspedicijalyk zertteuler [Worldview about the wolf. Expedition survey]. Almaty: Kazak universiteti.
- Koja Akhmet Uassau kesenesi. /Kurasturgan A.K.Muminov, M.B.Koja, S.Mollakanagatulu, M.J.Sadukbekov, J.M.Nurbekov. Ondelip, toluktirilghan 3-basylym. [Mausoleum of Hodja Ahmed Yassawi]. Almaty: «Effekt», 2011. 208 b.
- Kurmankulov Zh., Utubaev Zh., Syjindikova M., Kasenova A. (2017). Shirik 4 keshenine zhyrgizilgen zertteulerdin keibir natizheleri (2017 zhylygy kazba negizinde). [Some results of research of Shirik 4 complex (based on excavation materials in 2017)]. Margulan okulary. Almaty. 274-286 bb.
- Samashev Z., Burnasheva R., Bazylyhan N., Plahov V. (2006). Saraishyk tiyndary [Coins Sarayshyk]. Almaty.
- Satina E.K. (2013). Obraz volka v dekore veshhei (pamiyatniki «zverinogo stilja») [The image of a wolf in the decoration of things (monuments of the «animal style»)]. Istorija. Vestnik KemGU. №3 (55). T.4. S.61- 67.
- Treuer K. (1940). Serebrjanoe navershie sasanidskogo shtandarta. [Silver pommel of the Sasanian standard]. Soobshheniya Gosudarstvennogo Jermitazha. Leningrad.
- Hudiyakov Ju. (2007). Zolotaja volch'ja golova na boevyh znamenah. Oruzhie i vojny drevnih turok v stepiyah Evrazii. [Golden wolf head on battle banners. Weapons and wars of the ancient Turks in the steppes of Eurasia]. Sankt-Peterburg: Peterburgskoe Vostokovedenie.